

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 50 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 4 наурызда № 10381 тіркелді.

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 1-1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 15.07.2025 № 210-НҚ (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Б.Б. Қанешев):

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың заңнамамен белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарға және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы "Әділет" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында осы бұйрықтың орналастырылуын;

4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министрі А.П. Рауға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрінің

міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрі

_____ А. Мұхамедіұлы

2015 жылғы 3 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 30 қаңтар

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының
2015 жылғы 23 қаңтардағы
№ 50 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптары мен олардың сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Сауда және интеграция министрінің 04.09.2020 № 191-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 31.05.2021 № 376-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін алпыс күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.07.2022 № 306-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.07.2025 № 210-НҚ (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізілетін) бұйрықтарымен.

№ р/с	Біліктілік талаптары	Қызметті жүзеге асыру үшін ұсынылатын құжаттар	Ескертпе
1	2	3	4
		Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар	

1	Стандарттау бойынша құжаттар: стандарттың атауы стандарттың нөмірі	туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес)	
2	*Өндірістік техникалық базаның (технологиялық жабдықтың, өлшеу және бақылау құралдарының, оның ішінде қолданыстағы ҚР СТ 988 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туы. Жалпы техникалық шарттар" талаптарына сәйкес дайындалған мемлекеттік рәміздердің сапасын және оларды дайындаудың технологиялық процесін сақтауды қамтамасыз ететін түстер атласының) болуы	Технологиялық жабдық, өлшем және бақылау құралдары туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес)	Көрсетілген жабдықтың болуын лицензиар Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар" туралы заңның 2 тармағының 51-бабына сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу жолымен белгілейді. Егер өтініш беруші өндірістік үй-жайдың, технологиялық жабдықтың иесі болмаса, онда жалдау шарты көрсетіледі.
3	Пайдаланылатын өлшем құралдарын және сынау жабдығын салыстырып тексеру немесе метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттың болуы	Сертификатты берген ұйымның атауы, сертификаттың атауы, нөмірі мен күні туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес)	
4	Аккредиттелген сынақ зертханасынан ҚР СТ 989 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық шарттар" талаптарына сәйкестігіне сынаудың оң нәтижесі қоса берілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының әрбір өндірілетін үлгілік өлшемнің басты модельінің болуы	Әрбір өндірілген үлгілік өлшемінің басты моделі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес)	Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының әрбір өндірілетін үлгілік өлшемнің басты модельінің болуы, Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар" туралы заңның 2 тармағының 51-бабына сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу жолымен белгілейді.
			Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

5	Аккредиттелген сынақ зертханасынан ҚР СТ 989 "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық шарттар" талаптарына сәйкестігіне сынаудың оң нәтижесі қоса берілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының әрбір өндірілетін үлгілік өлшемнің өндірістік эталондық үлгісінің болуы	Әрбір өндірілетін үлгілік өлшемнің эталондық үлгісі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес)	Елтаңбасының әрбір өндірілетін үлгілік өлшемнің өндірістік эталондық үлгісінің болуы, Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар" туралы заңның 2 тармағының 51-бабына сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және қадағалау жүргізу жолымен белгілейді.
6	Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді-көшірменің болуы	Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді-көшірме туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (қосымшаға сәйкес)	

* Егер өтініш берушінің өндірістік орны, техникалық жабдықтары болмаған жағдайда, онда жалдау шарты көрсетіледі

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Туы мен
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік Елтаңбасын
дайындау жөніндегі
қызметті жүзеге асыру үшін
қойылатын біліктілік талаптар
мен олардың сәйкестігін
растайтын құжаттар тізбесіне
қосымша

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Сауда және интеграция министрінің 31.05.2021 № 376-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін алпыс күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.07.2025 № 210-НҚ (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізілетін) бұйрықтарымен.

1. Стандарттау жөніндегі құжаттардың болуы:

стандарттың атауы _____

стандарттың нөмірі _____

2. Өндірістік техникалық базаның болуы _____

3. Технологиялық жабдықтың атауы _____

4. Өлшеу және бақылау құралдарының атауы түстер атласының болуы

(атауы) _____

(салыстырып тексеру/метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттың берілген күні, сертификатты берген органның атауы, сертификаттың қолданылу мерзімі)

5. Салыстырып тексеру немесе метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттар, салыстырып тексеру немесе метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттың нөмірі

_____ салыстырып тексеру немесе метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттың берілген күні _____

сертификатты берген органның атауы _____

сертификаттың қолданыс мерзімі _____

6. Аккредиттелген сынақ зертханасынан ҚР СТ 989 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық шарттар" талаптарына сәйкестігіне оң сынақ нәтижесін қолдана отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының әрбір өндірілетін үлгілік өлшемнің басты модельінің болуы _____

7. Аккредиттелген сынақ зертханасынан ҚР СТ 989 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық шарттар" талаптарына сәйкестігіне оң сынақ нәтижесін қолданумен Қазақстан Республиканың Мемлекеттік Елтаңбасының әрбір өндірілген өлшемінің өндірістік эталондық үлгісінің болуы _____

8. ҚР СТ 989 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық шарттар" және (немесе) ҚР СТ 988 "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туы. Жалпы техникалық шарттар" талаптарына сәйкес дайындалатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы өніміне Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзінді-көшірменің болуы _____